Bokizhanova Galina

Guseva Elena

Academy «Bolashaq», Karaganda, Republic of Kazakhstan

ON THE ISSUE OF ASSESSING THE EDUCATIONAL ACHIEVEMENTS OF STUDENTS IN ENGLISH LESSONS

The article is devoted to the issue of assessing the educational achievements of students in English classes. As an alternative to traditional evaluation, testing is considered. According to the authors, testing is the most promising for creating a control system that meets the requirements put forward by the modern education system of the Republic of Kazakhstan. The advantages of testing over other methods of pedagogical control are considered.

Keywords: assessment, educational achievements, traditional system, system, control, educational system, method, pedagogical control.

List of references:

- 1 Fundamentals of the methodology of teaching foreign languages: Testology (course of lectures). - SPb.: Faculty of Philology of St. Petersburg State University, 2002. - 137 p.
- 2 Control in teaching Ia in the school. // Editor-in-chief V.A. Slobodchikov. The book for the teacher: 1986. - 128c.
- 3 Polyakov OG On some problems of the use of texts as one of the means of control in the teaching of schoolchildren of IL. // INR, 1994, No. 2. - P. 15-21.
- 4 Kuvshinov V. I. Test control in the process of learning a foreign language // INR. 1992. №2. - 389 s.
- 5 Milrud R.P., Matienko A.V., Maksimova I.R. Foreign experience of language testing and assessing the quality of teaching foreign languages // Inostr. languages at school. - 2005. - №7. - 257 s.

Искакова Дана Маратовна
Dana_rori@mail.ru
Балабекова Ляззат Гинаятовна
lyaka1982e@mail.ru
Диянова Рахат Телубаевна
rahat_dyanova@mail.ru

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ АСПЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Мақалада денсаулық мүмкіндігі шектелген балалардың қарапайым білім беру мекемелеріне біріктіру, олардың қалыпты дамушы балалармен тұрақты қарым-қатынасын қамтамасыз ету мүмкіндіктері, олардың әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға кірігуі проблемалары, бұл білім беру мекемесінде осындай балалардың толыққанды әлеуметтік өмірін және жеке өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бейімделген білім беру ортасын құруды қарастырады.

Кілтті сөздер: инклюзивті білім беру, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі, ерекше балалар, қалыпты балалар.

Н.Ә. Назарбаев өзінің жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады» [1] - деп көрсетті. Еліміздің болашағының зор болуы, экономикамыздың табысты болуы ол тікелей білім беру жүйесімен тығыз байланысты, сол себепті еліміздің әрбір азаматы ұлтымыздың болашағына үлесін қоса алатындай сапалы біліммен қамтамасыз етілуі керек. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың тең құқығын жүзеге асыру мақсатында, оларға қол жетімді білім беру кеңістігін құру мәселесін жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің барлық деңгейінде, әсіресе мектепке дейінгі және мектептегі білім беру кезеңінде даму үрдісі кең дамуда. Бұл процесс ерекше білім беру қажеттіліктері бар азаматтардың әлеуметтенуіне, олардың кәсіби еңбекте өзін-өзі жүзеге асыруына және қоғам өміріне белсенді қатысуына тікелей қатысы бар деңгейде, яғни орта кәсіптік техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кезеңдерінде қарқынды түрде жүреді [2].

Ерекше білім беру мүмкіндіктері бар балалардың қарапайым білім беру мекемелеріне біріктіру - бұл барлық жоғары дамыған елдер қатысатын әлемдік процесс. Ғалымдар жоғары психикалық функциялардың қалыптасуының сензитивті кезеңдерін пайдалану логикасында инклюзивтік білім беруге, "әлеуметтік шығулардың" пайда болуының және олармен байланысты дамудағы екінші ауытқулардың алдын алуға келді. Қазіргі қоғамында түрлі себептермен денсаулық мүмкіндіктері шектеулі (ДМШ) балалар санының қарқынды өсу үрдісі байқалды. Елде дене және жүйке-психикалық денсаулығының әртүрлі бұзылулары бар балалар санының ұлғаю үрдісі айқын байқалады. Бұл ретте ДМШ бар адамдардың бірлескен оқыту және ынтымақтастық бағытында компенсаторлық мүмкіндіктері анықталмаған болып қалады. Бұл тұлғаларды қалыпты дамып келе жатқан құрдастардың қоғамына қосудың психоәлеуметтік және дидактикалық мәселелері, сондай-ақ осы үдерісті сүйемелдеудің психодидактикалық мәселелері шешілмеген.

Инклюзивті білім беруді дамытуды денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру жүйесін жетілдірудің ең маңызды және перспективалық бағыттарының бірі ретінде қарастыру қажет.

Мұндай балаларды жалпы үлгідегі білім беру мекемелерінде оқытуды ұйымдастыру, әдетте, баланың және оның ата-анасының тұрғылықты жері бойынша балаларды интернат үлгісіндегі мекемеге ұзақ мерзімге орналастырудан құтылуға, олардың отбасында тұруы мен тәрбиеленуі үшін жағдай жасауға, олардың қалыпты дамушы балалармен тұрақты қарым-қатынасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және осылайша олардың әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға кірігуі проблемаларын тиімді шешуге ықпал етеді.

Инклюзивті білім берудің мәні мүгедектігі бар оқушылардың қажеттілігінің әртүрлілігі қызметтердің жиынтығына, оның ішінде ең аз шектейтін және ең көп кіретін білім беру ортасы сәйкес келуі тиіс. Бұл білім беру мекемесінде осындай балалардың толыққанды әлеуметтік өмірін және жеке өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бейімделген білім беру ортасын құруды көздейді[3].

Инклюзивті білім беруде «ерекше балалардың» әлеуметтік құзыреті мен қатынасу дағдылары жақсарады. Бұл құбылыс көп жағдайда «ерекше балаларда» осы жасқа тән әлеуметтік және қатынастық құзырет үлгісі болып есептелетін «қалыпты балалармен» өзара әлеуметтік қарым - қатынас құруға мүмкіндіктің пайда болуына байланысты. Инклюзивтә бәләм беруде ерекше қажеттілігі бар балалар мазмұнды оқу бағдарламаларға ие. Осының нәтижесі дағдылар мен оқу жетістіктерінің жақсаруы болып табылады. Кейбір зерттеулерде ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған инклюзивті мектептердегі білім беру бағдарламалары арнайы мектептердегі білім беру бағдарламаларына қарағанда жоғары стандартқа ие, ал мұндай мектептерде оқитын оқушылар оқу тапсырмаларын шешуге көбірек уақыт бөледі, тиісінше оқушылар жоғары оқу жетістіктеріне ие. «Ерекше балаларды» әлеуметтік қабылдау инклюзивті сыныптағы шағын топпен жұмыс жүргізу әдісіне тән оқыту есебінен жақсарады. Өзге балалар шағын топта бірлесіп тапсырма орындау арқылы «ерекше оқушының» мүгедектік белгісінен «өте» бастайды. Біртіндеп, қалыпты дамушы балалар ерекше қажеттілігі бар балалармен ортақ мүдделері көп екенін түсіне бастайды[4].

Денсаулығы шектеулі балаларды интеграциялаудың келесі нұсқалары бар:

- ерте түзету арқылы интеграция;
- инклюзивті білім беру жүйесіне қосу үшін балаларды дұрыс таңдау;
- әр балаға міндетті жеке түзету көмегін беру.

Интеграцияның екі негізгі түрі бар: әлеуметтік және педагогикалық.

Біріншісі білім алушылардың ДШО - мен интеграцияланатын білім беру ортасы аясында әлеуметтік қатынастардың жалпы жүйесіне бейімделуін болжайды.

Екіншісі дамуында проблемалары бар адамдардың жалпы оқу жоспарымен анықталатын оқу материалын меңгеру қабілетін қалыптастыруды көздейді.

Интеграция шеңберінде жалпы және арнайы білім беру жүйелерінің өзара әрекеттестігі бар, бұл денсаулығы шектеулі оқушылардың қатысуымен әлеуметтендіруге ықпал етеді. Сонымен қатар қалыпты дамып келе жатқан достарының полисубектілі ортасына кіріп, айналасындағы әлеуметтік әлемді өзінің алуан түрлілігімен сезінеді, психоәлеуметтік мүгедектерді қоса алғанда, бірыңғай қауымдастық ретінде.

Сондай-ақ, мүгедек балалардың дені сау құрдастарынан өздерінің бейімделу мүмкіндіктерімен ерекшеленетінін ескеру қажет. Бұл, ең алдымен, осындай балаларды құрдастарының ұжымында жүзеге асырылатын оқуға бейімдеу ерекшеліктерінде көрінеді.

Мүмкіндігі шектеулі баланың бейімделу қабілеті келесі жағдайларға байланысты әлсірейді:

1. Мүгедектің сипаты (көруі, естуі, тірек-қимыл аппараты, психикалық, және жалпы аурулардың бұзылуы).

2. Психофизиологиялық ерекшеліктер (жоғарғы жүйке қызметінің типі, темперамент, биоритмологиялық қасиеттері, жадының сипаты және т.б.).

3. Денсаулығының жоқтығы. Мүгедектігі бар балалар, көбінесе шартты түрде сау балалармен және созылмалы аурулармен ауыратын балаларға қарағанда олардың мүгедектігіне тікелей қатысы жоқ аурулардан зардап шегеді. Олар соматикалық әлсіздікпен сипатталады.

4. Қарым-қатынас жасау үшін психологиялық мүмкіндіктердің жетіспеушілігі (жабық мекемеде немесе отбасының жабық әлемінде тәрбиелеудің шарттары, үйде білім алу, құрдастарының үсік қарым-қатынасы, педагогтың оқушымен дұрыс қарым – қатынас орната алмауы, оның проблемаларын түсінбеуі, оның мүмкіндіктерін білмеуі, ересектердің тарапынан белсенді қамқорлық жеке тұлғаны, психологиялық және әлеуметтік инфантильдік, коммуникативтік дәрменсіз тұлғаны қалыптастырады).

5. Балалардың ерекше қажеттіліктерін (қозғалу құралдары, есту аппараттары, арнайы құралдар және т. б.) қанағаттандыру үшін материалдық құралдардың жетіспеушілігі, сондай-ақ баланың әлеуметтік бейімделуге мүмкіндігін едәуір шектейтін қоғамның сәулеттік және психологиялық кедергілерінің болуы.

6. Баланың әлеуметтік бейімделу базасынан айыратын жасына (ойын, оқу, еңбек, коммуникативтік) сәйкес келетін қызметке қатысу мүмкіндіктерінің шектеулі болуы. Соның салдарынан, ата-аналар мен қоғам мұндай баланы өмірлік қиын жағдайларға қатысудан қорғауға

ұмтылады, бұл бейімделу механизмінің қалыптасуы мен нығаюына ықпал етпейді және бала тұлғасының дамуын тежейді.

7. Мүгедек балалардың әлеуметтік бейімделуін және олардың қоғамға кірігуін тікелей қиындататын, психологиялық бұзылыстар мен ақаулар, мобилділік пен тәуелсіздікті шектеумен, өзінің жасы үшін әдеттегі қызметпен айналысу қабілетінің бұзылуы.

8. Мүгедек баланың бейтаныс ортада болуы, ол балалардың әдеттегі белсенділігін тежейді, бұл жаңа орта туралы жеткіліксіз ақпараттандырылуымен байланысты.

ДМШ білім алушыларды білім беру ортасына сәтті бейімделуіне кедергі келтіретін факторлар олардың психикалық дамуының жалпы деңгейі және тұлғаның орталық салаларының тапшылығы (когнитивтік, әлеуметтік, эмоционалды – еріктік) болып табылады. Бұл ретте олардың төмендетілген психодиагностикалық көрсеткіштері табысты интеграцияға қарсы көрсеткіш ретінде қарастырылмайды, тек қана оларға әлеуметтік құзыреттердің дамуының ең төменгі деңгейін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау қажеттігін ғана көрсетеді.

Білім алушылардың әлеуметтік өсуінің критерийлері қоғамдық мінез-құлық дағдыларындағы және ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынастың нәтижелі формаларындағы құзыреттер кешені болып табылады.

Мүгедек балалар мен даму мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделуін қиындататын факторлар олардың әлеуметтік жетіспеушілігінің дамуына алып келеді. Әлеуметтік жетімсіздік ұғымына мыналар кіреді: өзіне-өзі қызмет көрсету қабілетін шектеу; дене тәуелсіздігін шектеу; ұтқырлықты шектеу; қоғамда өзін лайықты ұстай білу қабілетін шектеу; жасына сәйкес қызметпен айналысу қабілетін шектеу; экономикалық дербестікті шектеу; кәсіби қызметке қабілеттілікті шектеу; қоғамға кірігу қабілетін шектеу.

Зерттеушілер әлеуметтендірудің ерекшеліктері әртүрлі деңгейлерде ДМШ бар тұлғаларда көрінеді деп атап көрсетеді. Бұл ретте бастапқы – физиологиялық деңгейде бұзылулар бастапқы болып табылады, ал кейінгі деңгейлердегі бұзылулар (психологиялық, әлеуметтік психологиялық, әлеуметтік) екінші сипатқа ие және белгілі бір жағдайларда кері қайтарылады. Белгілі бір әлеуметтік толымы бар білім беру ортасы ДМШ бар жастардың қол жетімді қызмет түрлеріне және әлеуметтік қатынастарға қосылуын қамтамасыз ете алады, осылайша олардың табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді[3].

Білім беру инклюзиясында әлеуметтік бейімделу аспектісі ретінде балалардың ата-аналарының ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамның да проблемаларына көмек көрсету үрдісі байқалады. Инклюзивтік оқыту кезінде мүгедек балалар мен денсаулығында мүмкіндігі шектеулілігі бар балалардың қалыпты қоғамдық өмірге бейімделуден өзінің қоғамының өзгеруіне баса назар аударылады. Мұндай адамдарды қабылдау үшін ең жақсы құрал ретінде бұзылудан зардап шегетін баламен тікелей және ұзақ қарым-қатынас жасау. Әлеуметтік сипаттың қиындықтары мүгедек балаларды медициналық, психофизиологиялық, педагогикалық және әлеуметтік қолдауды әзірлеуге кешенді тәсілді жасау кезінде барынша азайтылуы мүмкін. Осылайша, біздің еліміздегі жаңа әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты қоғамның барлық мүшелерінің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін ортаны өзгерту болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы "Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ". 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Мовкебаева З.А. Организация в вузе доступной среды для студентов – инвалидов. Алматы, 2018. 118 с.
3. Ахметова Д.З., Нигматов З.Г., Челнокова Т.А., Юсупова Г.В. и др. Педагогика и психология инклюзивного образования: учебное пособие. Казань: Изд-во «Познание» Института экономики, управления и права, 2013. 263 с.
4. Мовкебаева З.А., Оралканова И.А., Дузелбаева А. Инклюзивті білім беруді кіріктіруге педагогтарды дайындау бойынша әдістемелік ұсыныстар. 2 – ші басылым. Алматы, 2019. 160 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

**Искакова Дана Маратовна
Балабекова Ляззат Гиниятовна
Диянова Рахат Телубаевна**

Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казакстан

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА КАК АСПЕКТ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

В статье предусматривается объединение детей с ограниченными возможностями здоровья в простые образовательные учреждения, возможности обеспечения их устойчивого общения с нормально развивающимися детьми, проблемы их социальной адаптации и интеграции в общество, создание адаптированной образовательной среды, позволяющей обеспечить полноценную социальную жизнь и личную самореализацию таких детей в образовательном учреждении.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дети с ограниченными возможностями здоровья, необычные дети, нормальные дети.

**Iskakova Dana
Balabekova Lyazza
Diyanova Rahat**

Academy "Bolashaq", Karaganda, Republic of Kazakhstan

EDUCATIONAL ENVIRONMENT AS AN ASPECT OF SOCIO-PSYCHOLOGICAL ADAPTATION OF CHILDREN WITH DISABILITIES

The article provides for the integration of children with disabilities into simple educational institutions, the possibility of ensuring their sustainable communication with normally developing children, the problems of their social adaptation and integration into society, the creation of an adapted educational environment that allows for a full social life and personal self-realization of such children in an educational institution.

Keywords: inclusive education, children with disabilities, unusual children, normal children.

List of references:

1. Message of Nursultan Nazarbayev "Kazakhstan's way-2050: common goal, common interests, common future" dated January 17, 2014
2. Movkebaeva Z. A. Organization of accessible environment for students with disabilities in the University. Almaty, 2018. 118 p.
3. Akhmetova D. Z., Nigmatov Z. G., chelnokova T. A., Yusupova G. V. and others Pedagogy and psychology of inclusive education: textbook. Kazan: publishing House "Cognition" of the Institute of Economics, management and law, 2013. 263 p.
4. Movkebaeva Z. A., Oralkanova I. A., Duzelbayeva A. Guidelines for the preparation of teachers for the integration of inclusive education. 2nd edition. Almaty, 2019. 160 p.

Төлеген Шалатаевич Сериков
tolegen.serikov.83@mail.ru
Мәрлен Саятұлы Жанғабыл
marlen_sambo_kaz92@mail.ru
Данагүл Сейдіғазықызы Аманбаева
dana.amanbaeva.83@mail.ru
Ербол Қабдолла
kab-90@mail.ru
Саят Кабдоллаевич Смагулов
sayat-1988-16@mail.ru

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ДАҒДЫЛАРЫН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақала оқушыларды дене тәрбиесі және ұлттық ойындар арқылы патриотизмге тәрбиелеу мәселелері қарастырылған. Дене шынықтыру сабағында өткізілетін ұлттық ойындар арқылы оқушыларды тәрбиелеу, педагогикалық маңызды процесс. Мақалада аталған мәселені төмендегідей жолдармен шешу бағыттары қарастырылған. Бастауыш сынып оқушыларының өмірде қажетті барлық қозғалыс дағдыларын жүгіру, секріу, өрмелеу, еңбектеу, лақтыру, тепе-теңдікті сақтауды ұлттық ойын элементтерін енгізе отырып үйрету маңызды фактор. Ұлттық ойындар - халық педагогикасының бір саласы ретінде адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады

Кілтті сөздер: дене тәрбиесі және спорт құралдары, ұлттық ойындар, патриоттық тәрбие, дене шынықтыру, дене сапалары.

Мектепте оқушылардың денелерін шынықтыруды ұлттық ойындар арқылы іске асыру, күрделі педагогикалық процесс екені белгілі және аталған мәселені шешу бағыттарын қарастыру – бүгінгі дене тәрбиесі және спорт саласының басты міндеттерінің бірі болмақ. Аталған жағдай балаға жүгіру, секріу, өрмелеу, еңбектеу, лақтыру, тепе-теңдікті сақтау секілді дене қасиеттерін ұлттық ойын арқылы қалыптастыруды меңзейді. Ол үшін, жүгіру дағдысын қалыптастыруды ұлттық ойын элементтері арқылы үйреткен дұрыс деген тұжырым бар.

Жүгіру әрекеті қимыл-қозғалыс түрлерінің ішінде оқушылардың жақсы көретін қозғалыс түрлерінің бірі болып табылады. Мектеп жасындағы оқушылар үшін жылдамдыққа жүгіру, ұзақ қашықтыққа жүгіруге қарағанда тиімді болып саналады.

Жүгіру баланың бүкіл ағзасына жалпы физиологиялық өсуіне әсер етеді, негізінен алғанда, жүрек пен өкпенің дамуына өте пайдалы жаттығу болып табылады. Бала жүре бастаған кезеңінен бастап жүгіріп ойнауға дағдылана бастайды. Төменгі сыныптарда оқитын оқушылар жүгіру барысында бір қалыпты ырғалып қозғалыс жасай алмай, бар денесімен екі жақ бүйіріне теңселе қозғалып, жүгіру барысында ұсақ, кішкентай адымдар жасап аяқтарын тізеден бүгіп, табанын ішіне қарай қайырып, жерді табанымен ауыр басып жүгіреді.

Бірінші сыныпта оқитын баланың жүгіру жылдамдығы әр түрлі болып келеді, олар жүгірудің бастапқы кезеңінде бар күштерін салып жылдам жүгіруге тырысады да соңынан бастапқы жылдамдықтарын азайтып алады, жүгіру алыстығы мардымыз аз болып келеді. Жүгіру барысындағы аяқ пен қолдың үйлесімділігі айтарлықтай үндестікте жұмыс жасайды.

Баланың табиғи шынайы жүгірісі ойын үстінде жақсы көрініс береді. Бастауыш сыныптарда балаға жүгіруге арналған ойындарды ұсынғанда жүгірудің сапасына мән бермеу керек, әр бала өзіне

қалай ыңғайлы солай жүгіруі қажет. Осы оқитын балаға үйрететін ұлттық ойын барысында жүгіру ойындарына оқушыларды кезек пе кезек, бір – бірлеп жүгіртпей, қолдан келгенше барлығын бірдей жүгіртіп ойнатқан тиімді болып келеді.

Жүгіріп ойнағанда оқушылар бір – бірімен соқтығысып қалмаулары оларды бір бағытта, барлығы бірдей бір сәтте жүгірткен ойындарды таңдаған жөн. Мысалы «Жаяу көкпар», «Қоян» ойындары.

Ұлттық ойын «Жаяу көкпар». Бұл ойынға барлық бала бірдей қатысады. «Көкпар» ойыны халық ішінде кең тараған ойындардың бірі. Ойнайтын баланың жасы ескеріліп «Көкпар» ойынын төмендегідей тәртіппен ойнаған тиімді. Бірінші, оқушылардың жүгіру бағыты түзу, әркім өз бағытына қарай бір – біріне кедергі жасамай тура жүгірулеріне көңіл бөлінулері қажет. Әр бала қолдарына кубиктер немесе ұстауларына қолайлы заттар алады. Оқушылардың мақсаты қолдарындағы заттарын қарсы беттегі 15-20 м алшақтықтағы сызылған сызыққа жетіп заттарын сызық бойына қоюлары керек. Кім бірінші болып сызыққа жетсе сол жеңімпаз болып саналады.

Екінші түрі. Оқушыларды екі-екіден жұпқа бөледі. Әр жұптың жүгіру бағыттарына қарай 2-3 м жерге қолдарына ұстауға қолайлы заттар қойылады. Дене шынықтыру пәні оқытушысының «Көкпар» деген белгісінен соң, екі бала өздерінің алдыларына қойылған затқа қарай жүгіре жөнеледі, қай бала бірінші затқа жетіп алса сол бала алдындағы 15-20 м жерде сызылған көмбеге жетіп затын қоюы керек. Кім бірінші болып жетсе сол жеңген болып саналады. Ойын бірнеше рет қайталанылады.

Ерте заманнан тамыр алған бұл ойын алғашқы кезде «көкбөрі» аталып, кейін келе «көкпар» болып өзгерген. Ол ата-бабаларымыздың өзінің шығу тарихын көк бөріден тарататын аңызбен астасып, соның бір бөлігі ретінде бізге жеткен ұлттық ойынның бір белгісі деп ой түйеді.

Көкпарды ат үстінде бозбалалар арасында өткізген, ал кішкентай оқушылар арасында «Жаяу көкпар» ойыны ойнауды қазақтар кішкене кездерінен бастап ойнатуды дәстүрге айналдырған. «Жаяу көкпар» ойыны ереже бойынша ойналады. Ойын шартына сәйкес екі жерден көмбе белгісі сызылады. Оқушылар көмбедегі белгіленген түзу сызықтың бойына қаз – қатар тұрады. Дене шынықтыру пәні оқытушысының берген белгісі бойынша көмбеден (мәре сызығы ретінде бормен сызып қоюға да юолады) бір мезгілде барлығы тұр ұмтылған оқушылар 10 адымдай жерде жатқан көкпарды қай бұрын жеткені алып қашады. Қолында көкпары бар бала көмбеге бұрын жетуге тиіс. Сөйтіп, көкпарды ешкімге бермей әкелсе, сол ойыншының ұтқаны. Бұл ойынды көкпардың орнына бөрік немесе басқа бір зат қолдануға болады деп жазады ғалым Б. Төтенаев [1].

«Жаяу көкпар» ойыны баланың жүгіру дағдысын қалыптастырып, баланың аяқ бұлшық еті мен қол саусақтарын шынықтыруға керекті жаттығу ретінде пайдалы. Бұл ойын оқушылардың жылдамдық, тез қимылдау, ширақтық қасиеттерін дамытады.

Жүгіру дағдысын қалыптастыруға халық арасында кең тараған оқушылар ойыны – «Қоян» ойыны. Бұл ойынды балабақша ауласында күннің жылы мезгілінде ойнау тиімді. Ойынға топтағы бар оқушылар қатысады. Оқушыларды далаға алып шығып, бір – бірінен қашықтығы 30- 40 метрдей жерде екі қоршау жасалады (қоршауды бормен айналдыра сызып жасаса да болады), қоршауды «Орда» деп атайды. Дене шынықтыру пәні оқытушысы оқушыларды сапқа тұрғызып, дауыстап есептей бастайды. Ол есептегенде санмен есептемейді, басқаша тәртіппен, мысалы, «алдат, балдат, солдат, капитан, сен қаласың, ал мына сен топтан шығасың» - деп есептейді. Содан кейін ол оқушыларды қайтадан санайды. Осылай санап келгенде ең соңғы ойыншы «Тазы» болады.

Есептеп болғаннан кейін «қояндардың» бәрі екі қоршауда тұрады, «тазы» олардан 3-4 метрдей жерде орналасады, ойын шарты бойынша «қояндар» бірінші қоршаудан екінші қоршауға қашады, ал «тазы» оларды қуып жүріп ұстайды. «Тазы» кімді ұстаса сол «тазы» болады да, «қояндарды ұстауға көмектеседі. Бірақ, «тазылар», «қояндар» қоршауда тұрған жерінде, не қоршауды бойлап жүріп бара жатқанда ұстауға тиіс емес. Оларды қоршау мен қоршаудың арасында ұстауға тиіс. Бұл ойын оқушыларды шапшаң жүгіруге, икемділікке үйретеді, ойнау барысында баланың жалпы ептілік, тез қимылдау және төзімділігін дамытуға әсер етеді [2].

Жүгіру элементтері бар ұлттық ойындардың қай – қайсысын ойнатсақта осы көрсетілген қашықтық аралығын жүгіру барсыныда бала толықтай меңгеруі қажет. Берілген қашықтық аралығын жүгіру барысында бала жүгіру жылдамдығын өз еркімен өзгертіп орындаса оған қатаң ескерту жасамаған дұрыс. Жүгіріп ойнайтын ұлттық ойындармен оқушылар аптасына 2 – 3 рет таза ауада жаттықса пайдалы болады.

Келесі қарастыратын сұрағымыз ұлттық ойындарды секіру жаттығулары негізінде төменгі сыныптарда оқитын оқушыларға үйрету мәселесі.

Секірудің барлық түрлері оқушылардың ең бір қызық көретін жаттығуларының бірі. Секірулер аяқтың және дененің бұлшық еттерін дамытып, нығайтады, тыныс алу мен қан айналымы жүйелерінің «әсіресе жүгіріп келіп секірулер») қызметін жақсартады.

Бастауыш сыныптарда оқушыларда секіру дағдасы жақсы қалыптаса бастайды. Көпшілік баланың алға қарай ұмтыла секіру әрекеті жәй, көбіне екінші аяқпен серпіліп бір аяқты көтеріп адымдауға алып келеді.

Секіру барысында қол белсенді пайдаланылмайды. Секіру жаттығулары арқылы ойналатын ойындар сәтінде көптеген қол – аяқ бұлшық ет байланысы мен күрделі қозғалыс реттеулері жұмыс жасайды. Бірақ бастауыш сыныптарда оқитын балада бұлшық ет байланыстары әлі әлсіз жетілген, әлі қалыптасу үстінде. Баланың табаны қажетті серіппелік қасиетіне ие болған жоқ, сондықтан да олар секіру сәтінде де бар салмақты табанға салып жерге аяғымен тіке түседі.

Секіру сәтінде қатты түскен балада ұнамсыз сезім қалыптасып, дұрыс секірмегеннің нәтижесінде аяқтың майтабан болуы мүмкін. Сондықтан да балаға оңай қолынан келетін тізе буыны мен аяқ бұлшық етін, бел омыртқасын қатайтатын дұрыс пайдалы секіріп ойнайтын ұлттық ойын түрлерінің мазмұнын мұқият жете тандап алып үйрету қажет. Ең дұрысы балаға бір орында тұрып ұзындыққа секіріп, ұлттық ойын тәсілдері мен жаттығуларды имитациялық сипатта жүзеге асыртып ойнатқан тиімді. Мысалы: «Жүрелей секіру» ойынында жүресінен отырып секіру, «Арынды арқан» ойынындағы екі аяқпен қосарлап секіру, «Түйе мен бота» ойынындағы түйе мен бота болып секіру тағы да басқалары. Мұндай сипаттағы ойындар балаға өте қызықты болып келеді, бала жерге жеңіл секіріп жерге жұмсақ қонуға ұмтылады, себебі олардың бар ойлары секіруде емес, ойын барысындағы бота образын орындауда тұрады.

«Жүрелей секіру» ойынының 1 түрі. Бұл ойын мектеп ауласында, спорт залында ойналады. Ойынға қатысушы оқушыларды екі топқа бөлеміз. Таңдалған алаңға бір жарым метрдей ұзындықта екі қатар көлденең сызық сызылады. Сол сызықтардың қарсы алдында тұспа – тұс он метрдей жерден екі шеңбер сызылады. Әр топтан екі – екіден ойыншы шығады да, өз тобы жақтағы көлденең сызыққа келіп жүресінен отырады. Бастаушы белгі берген кезде, екі – екіден қатар отырған ойыншылардың оң жақтағысы жүресінен отырған күйі қарсы алдындағы шеңберлерге секіріп барып кері оралуы керек. Әлгі ойыншы ілгері секіріп кеткенде, оның орнын қасындағы ойыншы басады да тағы бір ойыншы сол қатарға келіп отырады. Жүрелей секіріп ойыншы сызыққа жеткен кезде, келесі ойыншы жарысты әрі қарай жалғап әкетеді. Ойын барлық оқушылар секіріп болғанша жалғасады. Секіріс сәтінде әр ойыншыға бір ұпай саналады. Қай топ көп ұпай жинаса, сол жеңіске жетеді. Дене шынықтыру пәні оқытушысы белгі берген кезде, екі- екіден қатар отырған ойыншылардың оң жақтағысы жүресінен отырған күйі қарсы алдындағы шеңберлерге секіріп барып кері оралуы керек [3].

Сонымен түйіндеп айтарымыз, қазақтың ұлттық ойындарының ерекшеліктері – жас ерекшеліктеріне сай әр түрлі ойындардың болуы, оған экологиялық таза мал сүйектері мен тастардың пайдаланылуы сонымен бірге белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде.

Ендеше ұлттық ойындар халық педагогикасының бір саласы ретінде адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық ойындар арқылы танысып келеді.

Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Сондықтан да ұлттық ойындарды өткізуді сабақ жоспарын енгізіп, бастауыш сыныптарда оқушылардың мектепке алғаш күнінен бастап-ақ дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарымызды өткізуді бастасақ ортаңғы және жоғарғы сыныптарға көшкенде ұлттық ойындарды күрделендіріп өткізсек мектеп бітіргенде өз ұлтын сүйетін нағыз кесек тұлға қалыптастырып шығарамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тойлыбаев Б. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану. пед. ғыл. канд. дис.. автореф. Алматы, 1998, /б.67/.
- 2 Тастанов Ә.Ж. Оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілетін дене тәрбиелеу процессінің педагогикалық негізі. п.ғ.к. дисс. авторефераты, 13.00.04: - Алматы, 2003. – 27б.
- 3 Қанағатов Е.Б. Ұлтық спорт түрлерінің тәсілдері арқылы жастардың салауатты өмір салын қалыптастыру әдістемесі. п.ғ.к. дисс., 13.00.04: - Алматы, -2008-111б.

РЕЗЮМЕ/ RESUME

**Сериков Төлеген Шалатаевич
Жанғабыл Мәрлен Саятұлы
Аманбаева Данагүл Сейдіғазықызы
Қабдолла Ербол
Смагулов Саят Кабдоллаевич**

**Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова,
Караганды, Республика Казахстан**

ОСОБЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ ДВИГАТЕЛЬНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПОСРЕДСТВАМ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР

В статье рассмотрены проблемы воспитания учащихся посредством национальных игр. Воспитание учащихся через национальные игры на уроках физической культуры – важный педагогический процесс. Также в статье рассмотрены пути решения данной проблемы. Обучение обучать через такие двигательные качества как, бег, прыжки, лазание, метание, умение держать равновесие играет важную роль в начальных классах. Национальные игры является одним направлением народной педагогики и используется в воспитании человека, семьи, указывает связь педагогики с национальными традициями. Для формирования общечеловеческих ценностей и мировоззрения (этические, эстетические, нравственные), можно использовать нравственную культуру народа, через передовые технологии национальных традиций.

Ключевые слова: физическая культура и спорт, национальные игры, патриотическое воспитание, физическая культура, физические качества.

**Serikov Tolegen
Zhangabyly Marlen
Amanbaeva Danagul
Kabdolla Erbol
Smagulov Sayat**

Karaganda State University. E.A. Buketova, Karaganda, Republic of Kazakhstan FEATURES OF TRAINING OF MOTOR SKILLS OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS THROUGH NATIONAL GAMES

The article deals with the problems of education of students through national games. Education of students through national games at physical education lessons is an important pedagogical process. The article also discusses ways to solve this problem. Learning to teach through such motor qualities as running, jumping, climbing, throwing, the ability to keep balance plays an important role in primary school. National games is one direction of folk pedagogy and is used in the education of man, family, indicates the relationship of pedagogy with national traditions. For formation of universal values and Outlook (ethical, aesthetic, moral), it is possible to use moral culture of the people, through advanced technologies of national traditions.

Keywords: physical culture and sport, national games, Patriotic education, physical culture, physical qualities.

List of references:

1. Toylybaev B. The use of elements of folk pedagogy in physical education for elementary school pupils. ped. the science the disc .. author's note. Алматы, 1998, p.67 /.
2. Tastanov A.Ж. Pedagogical basis of physical education process, taking into account the age characteristics of students. cps diss. Author's abstract, 13.00.04: - Almaty, 2003. - 27b.
3. Kanagatov EB Methods of healthy lifestyle development through the ways of national sports. cps dissertation: 13.00.04: - Almaty, - 2008-111b.

Елеужан Елемесұлы Серімов
mr.serim@mail.ru

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

ДӘРІС ОҚУ ШЕБЕРЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Мақалада еліміздің жоғары мектептебіндегі сабақ дәрістері түрлерінің туындауы мен негізінің қалануы, дамуы мен өзіне тән стилінің қалыптасуы бойынша тарихи экскурс-шолу жасалады. Сонымен бірге дәріс оқудың кейбір әдістемесі етене қарастырылып, ол жөнінде жас оқытушыларға дәріскердің болмысы, аудитория алдында өзін-өзі ұстай білу өнері жөнінде автордың өзіндік пайымдары ұсынылады.

Кілтті сөздер: дәріс, тарих, шеберлік, сөйлеу мәнері, оқытушы болмысы, тәрбие.

Дәріс латын тілінде «lectio» – «оқу» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір құбылыстың түп-бастауына үңіліп, табиғатын тану үшін оның қалыптасу кезеңінің қыр-сырына тоқталмай кетуге болмайды. Бүгінгі күні зерттеуші ғалымдар дәріс оқу шеберлігін шешендік өнердің академиялық түріне жатқызып жүр. Отандық деңгейде дәріс туралы барынша қысқаша мағлұмат келтіре кетсек, оның туындап, қалыптасуы, дамуы республикамызда ағартушылық, білім-ғылым салаларының пайда болуы, өркендеуімен тікелей астасып жатыр.

Отандық төлтума дәріскерлік өнер өткен ғасырдың 20-жылдарында пайда болған. Оған Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Елдес Омарұлы, Міржакып Дулатұлы, Халел Досмағамедұлы, Нәзір Төрқұлұлы, Телжан Шонанұлы, Ғаббас Тоғжанов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, т.б. сынды көптеген қоғам қайраткерлерінің оқытушылық қызметтері жарқын дәлел бола алады. Мәселен, 1924 жылы маусымның 12-18 күндері ҚАССР-інің сол кездегі астанасы Орынбор қаласында қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі болып өткені тарихтан белгілі. Жоғарыда аты аталған қазақ зиялылардың көбі сол жиында баяндама жасап, сөз сөйлеген. Ол материалдар 1925 жылы үлкен жинақ болып елге ішіне кеңінен тараған. Кейіннен жаңа жоғары-орта, үлкенді-кішілі оқу орындары ашылып, көптеген қазақ оқымыстылары сол мекемелерде оқытушылық қызмет атқарған. Әйтсе де дәрістің өркен жайып, сала-сала бойынша тармақтала түсуі 1946-жылдың шілде айында Қазақ Ғылым Академиясының іргетасы қаланып, құрылуымен тікелей байланысты келеді. Сол кезеңнен бастап, түрлі ғылымдардың жаңа арналары пайда болды, сала-сала бойынша әдеби тіліміздің кәсібилік жақтары орнығып үлгерді. Шешілуін күткен күн тәртібіндегі келелі де күрделі мәселелерге арналған терең мазмұнды теориялық дәрістік баяндамалар арнаулы мәжілістер мен жиналыстарда, ғылыми конференция мен съездерде, салалық пленумдар мен түрлі комитет отырыстарында жасалып қана қоймай, танымдық ыңғайда арнаулы мекемелердегі көпшілік қауым алдында, оқу орындарында оқылтын болды. Осылайша ғылыми, ғылыми-көпшілік, жоғары мектептегі сабақ дәрістері түрлерінің негізі қаланып, өзіне тән стилі қалыптасты. Біз дәрістің туындау төркінін сөз етіп отырмыз. Сол кезеңдегі дәріс берушілерге тән ортақ белгі – ғылымдағы соны жаңалықтарға құштарлық, ғылымды адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, рухани өміріне барынша жақындату, өзіне тән ой кешу үрдісі, белгілі бір қоғамдық құбылыстарды сөз еткенде адамзаттық позициясын айқын да берік ұстануы, ғылымға қосқан үлесін көркем тілмен қызықты жеткізіп баяндай алу әдіс-тәсілдерін меңгеруі деп ерекше бөліп айтар едік. Дәрістің жеке құбылыс ретінде түпкілікті орныққан жері – жоғары мектеп.

Қазақстан академиялары мен университеттерінде мәнді ғұмырларын сарп етіп, ұлттық мәдениет қорымызға орасан зор үлесін қосқан ерекше дарын иелері, ойлы ғалымдар, аса көрнекті қоғам қайраткерлері Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, Зейнолла Қабдолов, Евней Бөкетов, Темірғали Нұртазиндерді республикамыздың салалық ғылымындағы, мәдени өміріндегі жаңалықтарды, саяси-әлеуметтік келелі мәселелерді жалынды пафоспен толғап, өткір тілмен қозғайтын дәріс оқудың нағыз майталман шеберлері деуге әбден негіз бар. «Профессор Әуезов өте шешен лектор болған деседі. Осы туралы не айтар едіңіз?» дейтін сауалға академик Зейнолла Қабдолов былай деп жауап қайыра толғаған екен: «Қанатты кісі еді ғой, шабытсыз сөйлемейтін. Көл-көсір білім, ақыл, ой, шәкірттерін әлдебір абзал арман, асыл мұрат аясында әлдилеп, әлдеқайда

алысқа, биікке көтеріп әкететін. Әр шәкірт сөз өнерінің қиян-қилы құпияларын танып, шетсіз-шексіз сыр мен сезімге маңып, аспандай кең әсемдік әлемінде самғап, парлап кете баратын. Мұқандай шешен адамды өз басым ғұмырымда көріп-білген емеспін. Мінбеде, не кафедрада күркіреген өзенше тасып, яки толассыз сіркіреген ақ жаңбырша төгіліп тұрушы еді. Және бір кереметі – Мұқанды енжар тыңдау мүлде мүмкін емес. Өйткені, ол жазғанда ғана емес, ауызекі сөйлеген сөзде де ғаламат суреткер еді.

Алысқа шабатын жүйрік, алдымен, біраз кібірткітеп барып көсіледі ғой. Сол секілді, Мұқаң да басында біраз барлау жасағандай, немесе неден бастауды ойлағандай қайта-қайта іркіле беріп, тамағын кенеп, үздік-создықтау тұратын да, бірер минуттан кейін нәсерлете жөнелетін. О, енді бітті...Енді сіз уақыттың өткенін білмей қаласыз, шешеннің ой ағымымен жер-дүниені шарлап кете барасыз...

Шешендік шалқар шабыттан, шалқыған сыр мен сезімнен туады – Шешен болу үшін адам кәдімгідей қанатты болуға тиіс, - дейтін Мұқаң. – Қанат болғанда, жай емес, парлап ұшатын қанат болуға тиіс. Әйтпесе қанат тауықта да бар. Бірақ, тауық пен бүркіттің қанаттарында біраз айырма барды. Демек, шешенге біткен қанат тауыққа емес, бүркітке тән талмайтын, самғайтын қанат болуға тиіс. Лекторлық шешендікті Мұқаң осы тұрғыдан түсінетін» [1,104-105]. Осы орайда бұған тағы да бір айшықты мысал ретінде белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықовтың Мұхтар Әуезовтің дәріскерлік шеберлігі жайындағы естелігін келтіре кетелік: «Бір күні лекция оқу үшін маңдайы кере қарыс келген, бірақ екі самай шашы бұйралана бұрқырап тұрған мол денелі адам есіктен кіріп, орнынан ұшып тұрған студенттерге қайта-қайта бас изеп, үлкендікке жарасты ілтипат жасап келіп, оқытушының үстеліне жайғасты. Лекция бастағанда, алғашында біраз кібірткітеп алып, содан соң ағыл-тегіл боп сөйлеп кеп жөнелді. Желді күні жағаны ұрған теңіздің толқынындай болып мүдіріс-кідіріссіз ақтарылды-ай келіп. Оның оқып тұрған лекциясында факты да, ой да көп, тамаша-тамаша теңеулер де мол. Бұл кісінің лекциясын қағазға толық түсіру мүмкін емес, оны тек көкейге ғана «жазып» алу керек екен. Сондықтан мен қаламды былай қойдым да, ұйып тыңдай бердім» [2,13-14].

Осындай ыңғайда сөйлегенде ағыл-тегіл мол білімнің қазынасын ашып, көңіліне өзі келіп құйып беретіндей әсер қалдыратын Қазақ Ғылым Академиясының тұңғыш президенті академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы Мұхтар Әуезовтің өзі былайша толғанады: «Химик-академик сөз сөйлесе, Қаныштан басқамыз, қалғып-шұлғып дегендей қалыпта отырамыз. Физик бір қызық жайды баяндап жатса да, әдебиет-мәдениет жайынан мен ой-тілектерімді ортаға салсам да, тағы да Қаныштан басқамыз марғаулау қалып танытқандай болады. Президиум мүшелерінің – әр сала мамандарының әрқайсысының баяндаған сырына үніле бойлап, үңги барлап, байыбына барып, ғылымның саты-саты, қат-қабат жүйесін саралап, істелген-тынған істер мен келелі-күрделі міндет-парыздар тобын түгел топшыласып, маманмен көбіне терезесі тең, кейде асып түсіп, бағыт-бағдар сілтеп отыратын сол президенттің өзі ғана. өз басым талай ғалымды көріп-біле жүре, солардың кейбірінің өзі ұстаған ілімі төңірегінен әрі аса бермейтініне ішімізден қабақ шытып қалатынымыз да бар. Ал Қаныш болса, Горький сөзімен айтсақ, «бүтін бір мекеме». Қазақ «сегіз қырлы» дейді ғой. Бәлі, бұл сөз дарымайды, кем соғады. Қаныш басының қадір-қасиеті, дарын-таланты орасан мол. Оған Москва оқымыстылары қандай ден қояды» [3,7-8].

Ұлылық пен кішілік бойларында әрқашан қатар көрінетін Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Евней Бөкетов секілді алыптар екі тілде (қазақша, орысша) бірдей еркін жаза да, сөйлей де білген дарын иелері еді. Сөз жоқ, тіл – сөйлеудің материалы, дәріс сөйлеу арқылы жүзеге асады. Жоғары және орта оқу орындарында дәріс басты орында тұруы тиіс. Алқалы топтың алдында оқылатын дәріс ұзақ дайындықты, сарғайып сарыла зерттеуді қажет етеді. Оның үстіне шешендік шеберлік құралдарымен қаруланбай дәріс оқу еш мүмкін емес.

Дәріс оқу өнері туралы ғалым Серік Негимов былайша толғанады: «Жоғары оқу орындарында оқылатын лекция толық курстың бір бөлімі және ол алдыңғы өткен лекцияның заңды жалғасы, ол алда болатын лекцияның рухын, арқау-желісін еске салады. Аудиторияда бірыңғай шәкірттер, бұрыннан таныс сыралғы ұстаз лекция оқиды. Студент-шәкірттердің алдында екі түрлі мақсат бар. Біріншісі, интеллектуалдық (білім алу). Екіншісі, моральдық (алдағы сынақ-емтихан сессиясында аталмыш пәнді ойдағыдай тапсыру)... Басты нысана – тыңдаушының дүниетанымын тереңдету, философиялық-эстетикалық көзқарасын қалыптастыру, қиял өрісін, ұғым-түсінігін кеңейту, пайым-парасатын, ақыл-ойын жетілдіру, ұстамдылық, мейірімділік, әділдік, батылдық қасиеттер дарыту, тіл ұстарту, білім беру. Сөйтіп тыңдаушылардың сезімін билейді әрі иландырады» [4,108-109]

Дәріскердің сыртқы түр мәдениеті жөніндегі әдіскерлердің келелі де келісті ақыл-кеңесін де жас оқытушылар үнемі негізге алса құба-құп. Оқытушының сұңғыла ойына, терең ақылына, телегей

біліміне, көрегендік-білгірлігіне, судан тұнық сөзіне, сыбызғының даусындай сазды немесе сұңқардың даусындай үніне қоса, келісімді келбеті, сымға тартқандай тіп-тік сұлу тұлғасы, сыртқы түр мәдеиеті келісті болса нұр үстіне нұр. Оқытушының сыртқы сымбат-пішіні жайында әдістемеші-ғалымдар былайша топшылайды:

Жүру, тұру мәнері жайында. Сөйлеуге қолайлы жерге жайғасқан ба? Қымтырылмай саспай тұр ма? Топ алдында қобалжымай нық сеніммен шыға ма? Нанымды, мейірімді лебізбен сөйлей ме? Өң-әлпеті келісті ме? Айбындылық, сымбаттылық сұңқарлық көріністері бар ма? Тұнжырамай ма? Сіресіп қалатын қылықтары бар ма? Сөзі баршасына ортақ па? Тыңдаушылар зейінін ескере ме? Тыңдаушыларға назар аудара ма? Қарым-қатынасы қалай? Болмысымен тұтас беріліп сөйлей ме? Екі ойлы, бір нәрсеге алаң емес пе?

Қалып күй турасында. Еңсесін ширақ ұстай ма? Тырысқандық сезіле ме? Ыңғайсыздана ма? Аяғы дұрыс тұр ма? Бүкірейе ме? Қолдарын сәнді ұстай ала ма? Басты тұзу ұстай ма? Мойны дұрыс бұрыла ма? Қимыл-әрекеті жеткілікті ме? Қозғалысында сырбаздық сезіле ме? Мақсатсыз қозғалыстары бар ма? Өлімсіреп сүміреймей ме? Өзіндік қасиеттері, ерекшеліктері айқын көрініс бере ме?

Ада боларлық келіссіз нәрселер. Білімгерлердің қақ алдында тарануға, шекпеніңіздің түймелерін ағытуға, галстугіңізді түзетуге (алдын ала істеу керек) мүлде болмайды. Дұрыс, оңтайлы жерге жайғаспай сөз бастауға тағы болмайды. Аяғыңызға, қолыңызға сүзіліп қарамаңыз, бірден қағазыңызға төнбеніз.

Әуелі студенттерге ілтипат көрсетіп, сөз бастаңыз. Мәселен: “Құрметті студенттер”, “Ханымдар мен мырзалар” немесе “Жігіттер мен бегімдер”, т.с.с.

Айнаның алдында дауыстап сөйлеп, өзіңізді сынаңыз. Бет-жүзіңізді бақылап тексеріңіз. Маңдайың бен қасыңыз қалай құбылатынын, қандай өзгерістерге ие болатынын байқаңыз. Логикалық, психологиялық паузаларға жіктеп сөлей аласыз ба? Сөйлеген кезде салмақты, ойлы, бірде ойнақы, салтанатты, біресе сыпайы, биязы, жұмсақ, кейде буырқанған қалыпқа ауысып отырса, студенттердің де көңіл-күйі көтеріңкі болады.

Шешендік. Шеберлік. Оқытушының болмысы. Осы үш ұғым бір-бірімен біте қайнасқан. Адамның болмысы деген оның жалынды сезімі, жарқыраған жаздай көңілі, айдын көлдей ақылы.

Осының бәрі – оқытушының бойынан табылатын көп қырлылық. Көп қырлылық дәріске де тән.

Дәрістің – топтық және ұжымдық, көпшілік және ғылыми деп аталатын түрлері бар. Оқу орындарында ғылыми дәріс оқылады. Әрбір жаңа тақырып дәрістен басталады, сонан соң барып, оған негізделген оқытудың басқа түрлері: семинар, тәжірибелік сабақтар, кафедралық ойындар, т.б. өтеді. Дәріс – оқыту нысаны ретінде – оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырушылық кезеңдерін қамтып, әдістеме ретінде – оның процессуалдық, әдістемелік тараптарын әйгілейді.

Дәрістердің басты белгілеріне – сабақ тақырыбына қатысты бұрынан белгілі жайттардың немесе кейінгі соны да тың жаңалықтардың ғылыми негіздемесі, ізденіс-зерттеудің қорытынды-нәтижелері, оларды пайымдау, бағалау, ол жайындағы таным-түсінік, пікір-көзқарастарды байыптау, т.б. жатады.

Заманның ағымына қарай жоғарғы мектеп оқытушысының еңбегі көп қырлана, күрделене, жауаптылығы жыл өткен сайын арта түсуде. Қазіргі күнгі ғылым мен техниканың барынша қарқынды дамыған уақытында, мамандарды даярлаудың талабы да толассыз өсу үстінде. Әсіресе, бұл жағдай, келешек мамандардың шығармашылық еп-дағдыларын қалыптастыруға тікелей қатысты.

Аудитория мінбесіне көтерілген әрбір оқытушыны білім алушыны немен, қалайша қызықтыра алам деген мәселелер тоғысы толғантып, алаңдатып, көкейін тесіп, мазалауы тиіс. Білімгер өзінің алған білімі болашақта қажетіне жарайтынына нық сенімді болуы керек. Осы мәселе түйіні оң шешілсе, сабаққа қатысу үлгірім кілтпаны да өзді-өзінен шешілері сөзсіз. Бұл тұрғыда орыстың ғалымы В. Зоровый: «Оқыту мен тәрбие ісі – жұмыстың көп қырлары дәріспен шешілмесе де, бәрінің бастау алар көзі осында. Күнделікті көріп жүргеніміздей, білімгер тарапынан оқытушының білімдарлығына күмән келтірмеу керек. Оның білімдарлығы қаншалықты болса, соншалықты білім нәрін бере алады. Өз пәніңе қызықпайынша оқушыны қызықтыра алмайсың» – дейді [5,11]. Ендеше оқытушының өзі әрі дәріскер, әрі маман-ғалым, әрі тәрбиеші-тәлімгер болуы тиіс. Бір сөзбен айтқанда, дәріскер болуы үшін қандай талап-тілектердің барын ашып алмайынша, педагогикалық шеберлікті меңгермейтіні анық. Ол үшін жас оқытушы мынадай ыңғайдағы кеңестер мен ұсынымдарды басшылыққа алуы қажет деп білеміз:

- оқытушы ең алдымен дәріс курсының басталатын «кіріспе» бөліміне басты назарын салғаны дұрыс, алғашқы сабақта-ақ білімгер (студент) пәнге «ене» алмай қалып жүрмесін;

- басқа пәндердің дәрежесін төмендетпей, өз пәніңіздің қадірін арттыра біліңіз;
- аудиторояға алғаш кіргеннен бастап тым қатал не тым кең пейіл болмаған жөн, дұрысы – табиғи шынайы қалыпта қалу;
- әуелден-ақ студенттер курс жүйесі мен жүйелілікті ұғатын болсын, суырыпсалмалық импровизация тек мысалдар келтіргенде, қойылар сұрақтарға өтімді жауап, уәждер қайтарған кезде қолданылады;
- дауыс ырғағын бір қалыпты баяулатпай да, жеделдетпей де оқыңыз не сөйлеңіз. Өйткені, біріншісінде, тыңдаушың жалығады, екіншісінде, жетегіне өзің ілесе алмай қалуыңыз мүмкін;
- өз дәрісіңізді шамадан тыс асыра бағаламауға ұмтылыңыз, келешекте дәріске немқұрайлы қарап, дайындығыңыз осал түсуі кәдік;
- алдымен өзіңіз кешікпей келіңіз, кешігіп келген білімгерлерді мүмкіндігінше аудиторияға кіргізбеген ләзім, әйтпесе аудиторияда тәртіптің қиюы қашады;
- өз пәніңізді сыйламасаңыз, білімгер өзіңізді де құрмет тұтпауы әдбен мүмкін екенін есте тұтқан жөн;
- алғашқы дәрістен бастап конспектілеудің пайдасы, оның ертеңгі сынақ пен емтиханды үздік тапсыруға кепіл болатынын үнемі студенттердің көкейлеріне құйып отырған абзал;
- конспекіден бас алмай оқымаңыз, ақылгөйсімеңіз, аудиториямен ақылдасыңыз, дәрісте негізі әңгімелесу стилін қолданған жөн;
- айтар негізгі ойыңыз сөз тасқынының тасасында қалмасын;
- қызыға баяндағыз, жалған, жадагөй пафостан ада болыңыз;
- сіздің өз конспектіңізге қарауыңызды студенттер конспектілеудің жүйелілігін сақтау үшін аса қажет екенін ұғынсын;
- білімгерді емтихан-сынақпен қорқытпаңыз, ол өзіңіздің кәсіби шеберлік тұрғыдағы дәрменсіздігіңізді айғақтайды;
- білімгердің көңіл-күйін ауламаңыз, керісінше, олар сіздің көңіл ауаныңызға (көңіл-күйіңізге) қарайтын болсын.
- оқу үдерісі (процесі) оқытушы, студент үшін де ортақ екенін байқатыңыз. Ортаға сауал тастап, пікірлерін сұраңыз, берген жауаптарын талдауға ерінбеңіз.

Қазіргі күні жоғары оқу орындарында оқу үдерісіне замана ыңғайы, дәуір талабы, уақыт нақышына сай барынша қарқынды да қызықты өту талабы қойылып отыр. Басқаша болуы тіпті мүмкін де емес. Осыған орай салалық кәсіби білім беретін оқу орындары оқу үдерісінің дәреже-деңгейін көтеру мақсатында оқытушылар үшін барынша тиімді жағдайлар жасауда. Жалпы жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде жетекші орынды дәріс оқулары алатыны сөзсіз.

Дәріс – білім алушылар алдында белгілі бір ғылыми білікті қисынмен жүйелі баяндау. Ол жоғары оқу орындарындағы оқытудың басты әдістерінің бірі. Дәріскер – оқытушы ғылым мен тыңдаушылар арасын жалғастырып тұрған дәнекер тұлға.

Дәріс – бастыпқы ілімдерді меңгертуге бағытталған оқытудың негізгі ұйымдастыру нысаны десек болғандай. Оқытудың теориялық базасын қамтамасыз ету, білім алушының оқуға, нақты бір пәнге қызығушылығын тудырып, өзіндік жұмысының бағыттарын қалыптастыру – дәрістің басты міндеттеріне жатады.

Дәрістің тиімділігі және оның жоғары сапасы мынадай дидактикалық талаптарды қадағалауды қамтамасыз етеді:

- баяндалған материалдардың ақпараттылығы және ғылымилығы;
- пікірлердің нақтылығы және дәлелділігі;
- қажетті құжаттардың, деректер және үлгілердің жеткілікті болуы;
- дәріскердің өзінің пәніне деген қызығушылығы;
- студенттердің назарын және ойлау қабілетін белсендендіру мақсатында олардың өзіндік тұжырымдары дәріскердің ойымен бәсекелес болуды қамтамасыз ету;
- материалдардың біртұтас әдістемелік құрылымының болуы (тақырыпта кіріспе, негізгі пайымдаулар мен ойларды бөліп көрсету, әртүрлі тұжырымдамада қорытындыларды қайталау және оларға көңіл аудару, ден қойғызу);
- түсінікті әдеби тіл, салалық терминдер мен ұғымдарға түсінік беру, дикияның анықтығы, студенттерге ақпараттарды қысқаша жазып алуға, ойлануға мүмкіндік беретін сөйлеудің қалыпты ырғағы;
- дидактикалық материалдарды және бейне-аудио-көрнекі (визуальды) құрылғыларды қолдану.

Дәрістің әдіснамалық (методологиялық) ерекшелігінің маңызы – онда өмірдің түрлі құбылыстары көрініс табады. Жақсы дәріс – шешендік өнердің жарқын туындысы, сөз сұлулығына негізделген ғылыми ойлаудың қорытылған, құйылып түскен нұсқасы. Оның мазмұны ғылымның соңғы жетістіктерін сипаттайды. Дәріс ғалым адамның жанды сөзі түрінде көрінетіндіктен, оқулықтағы материалдан гөрі анағұрлым әсерлі болып шығады.

Қорыта айтсақ, сабақ түрінің өте күрделісі - дәріс білім алушыларға бірнеше білімнің бір-бірімен өзара байланысып, тоғысып жатқан, толыққанды білім берудің бірден бір көзі. Алтын арқауы - тәрбие мен білім әрі студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін арттыру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Жебе. Алматы, -Жазушы.-1977, Б.104-105
2. Нұршайықов Ә. Екі естелік.- Алматы,- 1985, Б.13-14
3. Әлімбаев М. Қалам қайраты.- Алматы,-1976, Б.7-8
4. Негимов С. Шешендік өнер. - Алматы,-1997, Б.108-109
5. Қызылов М., Серимов Е. Әдіснама (оқытушы шеберлігі), Қарағанды, 2012.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Серимов Елеужан Елемесұлы
Академия «Bolashaq», Қарағанды, Республика Қазақстан
НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ МАСТЕРСТВА ЧТЕНИЯ ЛЕКЦИИ

В статье представлен исторический экскурс-обзор по возникновению и формированию основ, развитию и стилю чтения лекции в высшей школе. При этом рассматриваются некоторые вопросы методики преподавания лекций.

Ключевые слова: лекция, история, мастерство, стиль речи, образ преподавателя, воспитания .

Serimov Eleuzhan
Academy «Bolashaq», Karaganda, Republic of Kazakhstan
